



АНЫҚТАМА

Соғылды алғашқы қоңырау!

Бүгін мектебімізде 1 қыркүйек «Білім күні» мерекесіне орай , алғашқы қоңырау салтанатты жиыны болып өтті. Салтанатты жиынға Аудандық білім бөлімінің инспекторы Айымқұлов Болат және ауыл әкімі Бөлебай Ақылбек, ауылдық мәдениет үйінің директоры Бағдәулетов Талғат т.б ата- аналар қатысты. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту енгізіліп, Гимн орындалды. Жиынның алғашқы сөз кезегін мектеп басшысы Қаниев Мархабат бастап, ұстаздар мен оқушыларды мерекемен құттықтай отырып алдағы оқу жылына сәттілік тіледі. Жиын барысында оқушылар әсем әндерін орындады. Бүгінгі мерекенің ерекше салтанаты «Алғашқы қоңырау» соғу 1 сынып оқушылары Аманкелді Мадияр мен Меңдулла Айбибіге бұйырды.

Педагог- ұйымдастырушы:  Өтепбергенов Жеңіс

Өткізілген іс- шарадан көрініс



Қарасақал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде «5 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тiлдерi күнi!» мерекесiне орай өткiзiлген iс-шараның анықтамасы

1. 02.09.2022ж күнi мектебiмiзде «5 қыркүйек-Қазақстан халықтарының тiлдерi күнi!»мерекесiнiң жоспары жасалып бекiтiлдi.
2. 05.09.2022ж күнi мектебiмiзде 1-11 сыныптар аралығында «Тiлге құрмет- Елге құрмет» атты тақырыбында сынып сағаттары өткiзiлдi. Сабақ барысында оқушыларға толықтай түсiнiктеме сабағы жүргiзiлдi.
3. 06.09.2022ж күнi мектебiмiзде тiл мамандары оқушылар арасында «Ана тiлiм-күдiретiм», «Қазақ тiлiм- ұлттық тiл» атты шығармалар сайысын өткiздi. Жұмыс барысында оқушылар жұмыстары сарапталды.
4. 07.09.2022 ж күнi мектебiмiзде көркем еңбек пәнi мұғалiмi СәрсеновӘлiби ағай оқушылар арасында тiлмерекесiне орай «Тiл-ұлттың жаны» атты суретшiлер көрмесiн ұйымдастырды. Көрмеде оқушылар еңбектерi көрсетiлдi.
5. 08.09.2022ж күнi мектебiмiзде барлық тiл мамандары арасында «Тiл-ел байлығы» атты ашық сабақтар өткiзiлдi.
6. 09.09.2022ж күнi мектеп кiтапханашысы Абдрахманова Ордагүл апайдың басшылығымен «Қазақ тiлi- менiң ана тiлiм» атты тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында кiтапханаға саяхат жұмыс жүргiзiлдi. Жұмыс барысында оқушыларға тiл мерекесi туралы және Ахмет Байтұрсынов туралы түсiнiктеме берiлдi.
7. 09.09.2022ж күнi мектебiмiздiң аға тәлiмгерi Байдiлдаева Айдана апайдың басшылығымен тiл мерекесiне орай «Тiлi бiрдiң- туы бiр» атты әдеби кеш өткiзiлдi. Кеш барысында оқушылар әсем әндер шырқады.

Педагог- ұйымдастырушы:  Жетiсбергенов Жеңiс



Қарасақал Ерімбет атындағы №96орта мектебінде Қазақстан халқы тілдерінің күнін мерекелеу бойынша өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет.

Әкімдік атауы	Өткізілген іс-шаралар саны	Құттықтау жолданығандардың саны	Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерге орналастырылған хабарлардың саны/сілтемесі	БАҚ-қа жарияланған саны, атауы және авторы
Қарасақал Ерімбет атындағы №96 орта мектеп	7	2	https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0DNdbH3IS9mYYXqnpfCWkldqyqSmPccuQfpDFAVr7WtYpCyJiTrNxx7Kxjzap2mNkl&id=100023902700277	-

Мектеп директоры: 

Қаниев М

Өткізілген іс-шарадан көріністер.



Қарасақал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде 3-7 сынып оқушылары арасында өткiзiлген «**Бала би**» атты iс- шараның анықтамасы.

Қарасақал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде 3-7 сынып оқушылары арасында «**Бала би**» атты шара өткiзiлдi. Шараның мақсаты оқушылардың тiлдiк қорын, есте сақтау қабiлетiн дамыту болатын. Жұмыс барысында оқушылар Қарасақал Ерiмбет ақынның шығармаларын жатқа айта отырып, өз қабiлеттерiн көрсете бiлдi. Шараға мектебiмiздiң оқу iсiнiң меңгерушiсi, тiл маманы Жәленова Ләззат, қазақ тiлi әдебиетiнiң мұғалiмi Жамаш Сара апайлар қатысып, оқушылардың еңбегiн бағалап бердi.

Педагог- ұйымдастырушы:  Отапбергенов Ж

Өткізілген іс- шарадан көрініс.



**Қарасакал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде I қазан қарттар күнiне
орай «Қарттарын қадiрлеген ел ардақты » тақырыбында өткiзiлген
мерекелiк iс-шараның анықтамасы.**

Қарасакал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде I қазан қарттар күнiне орай «Қарттарын қадiрлеген ел ардақты » тақырыбында iс-шара атап өткiзiлдi. Iс-шарада мектеп директоры Қаниев Мархабат ағай сөз сөйлеп қарт ұстаздардарды мерекесiмен құттықтады. Мерекелiк шараға мектебiмiзден енбек демалысына шыққан қарт ұстаздар шақырылып, мектеп ұстаздарды концерттiк бағдарламасын тарту еттi. Кеш соңында қонақтар өздерiнiң мектеп ұстаздарына деген ыстық- ықыластарын бiлдiрдi. Мерекелiк шара одан қонақтарға арналған ақ- дастархан басында жалғасты. Дастархан басында қарт ұстаз, ардагерлер кенесiнiң төрағасы Келiмбетов Жанұзақ ағай мектеп ұстаздарына деген ақбатасын берiп, қуанышты көңiл күймен тарқасты.

Ұйымдастырушы- педагог:  Отепбергенов Жөнiс

Өткізілген іс-шарадан көріністер.



**Карасакал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде ұстаздар күнiне орай
«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» тақырыбында өткiзiлген
мерекелiк iс-шараның анықтамасы.**

Карасакал Ерiмбет атындағы №96 орта мектебiнде ұстаздар күнiне орай «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» тақырыбында мектепiнiлiк мерекелiк шара өткiзiлдi. Мектеп басшысы және де ұстаздар қауымы меркелiк iс-шарадан бұрын карт ұстаздарды отбасына барып құттықтады. Iс-шараны мектеп директоры қаниев мархабат ағай құттықтауымен ашты. Шара барысында iштегi ұстаздарға құрмет көрсетiлдi. Меркелiк шарада мектеп ұстаздарына аудан, ауыл әкiмiнiң және мектеп директорының құттықтаулары табыс етiлдi. Мерекелiк шараны одан әрi бастауыш сынып бiрлестiгiнiң ұстаздар күнiне олай орай дайындаған ән-шашуымен жалғасты. Ұстазға деген құрметтi бастауыш сынып ұстаздары оқушыларымен бiрге көрсеттi. Оқушылар өз өнерлерiмен ардагер ұстаздарды дән риза еттi.

Ұйымдастырушы-педагог:  Отепберенов Женис

Өткізілген іс-шарадан көрініс.

